

**Шөлекенов У.Х. «V–XIII ғғ. Баласағұн қаласы»,
Алматы «Жібек жолы» 2006 ж.**

Алдымыздағы жылы «Жібек жолы» баспасынан Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, археолог, этнограф Уахит Хамзаұлы Шөлекеновтың «V–XIII ғғ. Баласағұн қаласы» атты еңбегі жарық көрді.

Осыдан отыз үш жыл бұрын Ақтөбе қаласын зерттеуге арналған өл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологиялық экспедициясы жазғы далалық маусымын бастаған болатын.

Аталмыш экспедиция арқылы Қазақ Ұлттық Университетінің студенттері археологиялық тәжірибеден өтіп келе жатыр. Университеттің далалық лабораториясына айналған бұл қала орнында отыз жылда көптеген археологиялық жәдігерлер табылып, өңделіп ғылыми айналымға қосылды. Сонымен, қала орнында ашылған үй, монша, басқа да қоғамдық орындар ортағасырлық қала өмірінен тарихи мәлімет береді. Археологиялық қазба барысында табылған теңгелер қоймасы бұл қала ірі саяси, сауда орталығы болғандығын дәлелдейді. Осы көптеген археологиялық материалдар Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалардың тарихы жөнінде құнды мәліметтер берді. Автор Ақтөбе қаласын тарихта белгілі Баласағұн қаласымен теңестіреді. Осы көне қаланың орнын зерттеу барысында табылған бұйымдарды, әсіресе қыш құмыраларды сараптау арқасында бұл қаланың V–IX ғғ. және X–XIII ғғ. аралығында өмір сүргені дәлелденді. Қыш бұйымдардың химиялық құрамы, физика-механикалық сипаттамалары берілген. Сонымен қоса, қыш бұйымдарды рентгенографиялық тәсілмен зерттеудің нәтижесі берілген, құрамында химиялық элементтердің сақталу дәрежесі көрсетілген.

Еңбекте аэротәсіл арқылы алынған құнды да кең материалдар алынғаны көрсетілген. Аэротәсілдің көне қала орындарын зерттеуде ерекше орны бар екенін толық дәлелдеп, Ақтөбе (Баласағұн) топографиялық мінездемесі жасалған. Аэросурет бойынша Ақтөбе қалашығының тек орталығының жалпы көлемі 70 шаршы шақырым болған.

Археологиялық зерттеу барысында Ақтөбе қалашығы түгелдей бекініс ормен қоршалғаны дәлелденген. Қала бекінісінің биіктігі 7-8 м ша-

масында болғандығы, ал ені 16-18 м болған. Қала жанында үлкен арық су жүйелері болған, олар арқылы қала тұрғындары жоғары деңгейдегі егіншілікпен айналысқан. Цитадельде жүргізілген жұмыстар арқасында бірнеше бөлме ашылып, мұнаралар зерттелді. Осы бөлмелердің бірінде, үлкен залда михраб ашылғаны зерттеушілерді ерекше қызықтырады. Осы цитадельде қала мәдениетінің жақсы дамығанын, үшінші бөлмеде табылған пайдаланған суды сыртқа шығартын қыш құбырлардан жасалған құрылыс дәлелдейді.

Ортағасырлық қалаларда белгілі монша да осы Ақтөбе қаласында табылған. Моншаның едені қандар арқылы қыздырлатын болған, пайдаланған су құбыр арқылы сыртқа шығартылатын.

Жалпы археологтар бұл кітап арқылы өздеріне көптеген мәлімет аларлығы сөзсіз, біз тек археологиялық қазба жұмыстары жөнінде сөз қозғалдық, бірақ, бұл еңбекте жалпы түрік тайпаларының мемлекеттері жөнінде кең зерттеу жасалған. Бұл зерттеулер негізінде автор Ақтөбе қалашығы көне Баласағұн қаласы деп дәлелдейді. Кітапта қала ірі мәдени орталығы болғанын көрсететін деректер келтірілген.

Қазақ сахарасын мекендеген тайпалары одақ құрып, мемлекет тұрғызған кездерінде осы Шу, Іле, Талас өзендерінің бойында орналасқан, Ақтөбе қалашығы сияқты, ортағасырлық қалалар тарихта ерекше маңызы болған.

Жазба деректерде аталатын көне түркі, Түргеш, Қарлық, Қараханид мемлекеттерінің қалаларын зерттеу, сол арқылы тарихымызды тану қалың оқырманға, мектеп оқушыларымен студенттерге жеткізу қазіргі заманның талабы.

Осы жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тізіміне Ақтөбе қалашығы қосылды. Аталмыш қаланың зерттеушісі, соғыс және еңбек ардагері Уахит Хамзаұлы ағамызға археология ғылымының жолында табыс тілейміз дей отыра, жана еңбектеріңізді күтеміз дегіміз келеді.

Байпақов К. М.